

— Жыл соңына дейін 1000 қайырымды іс өткізуді жоспарлап отырмыз. Қайырымды істер марафоны аясында «Халық» қайырымдылық қоры облыстағы жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі балалар зертхана отырған 3000 отбасын азық-түлікпен қамтамасыз етті. Сонымен бірге «Ер-Әлі» ШҚ төрағасы депутат Ө.Бекжановтың демеушілігімен Мақпалкөл ауылдық округінде 13 миллион теңгеге балаларға арналған ойын алаңы салынды. Облыстық мәслихат депутаты, NUR Otan партиясының мүшесі, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев қадағасы Аумешт 2 мөлтек ауданында өзінің жеке қаражаты есебінен жасөспірімдер мен балаларға арналған ойын алаңын (7 миллион 900 мың теңгеге) салды тартты. Қауымдастық «Арман ағашы» акциясы аясында мүмкіндігі шектеулі 2 адамға (800 000 теңге) мүгедектер арбасын сыйға тартты.

Бүгінде волонтерлар фронт офисының үйлестіруімен қолданыста болған 2 мүгедектер арбасы, 4 баладақ, 1 ходунок берілді. Жыл басынан бері 5840 отбасына азық-түлік, 338 отбасына киім-кешек, 22 адамға әлеуметтік көмек, 31 отбасына компьютер табысты, 100 отбасыға тұрмыстық жиһаз таратылды. «Ел-Арай» қоғамдық қоры тұрмысы төмен отбасына 17 тонна көмір таратты.



Жұмсалған қаражат 285 000 теңге, жеткізу қызметі тегін ұйымдастырылды, әлеуметтік дүкендер теледидар – 3 дана, киім-кешек – 500 келіге жуық, балаларға арналған қолпарба – 2 дана, 100 дана ыды-аяқ азық-түліктер берілді. «Зекет», «Ел-Арай», «Шын жүректен Қызылорда» «Жылы жүрек жастары» Құмен бірлесіп, қала тұрғынның өртенген ойына әлеуметтік көмек беріп, жандеу жұмыстарын жүргізіп берді.

— «Зекет» қайырымдылық қоры өңірмізді жамағатымен бірлесіп, қала жақын орналасқан елді-мекенде тұратын аз қамтылған, мұқтаж 3870 отбасына азық-түлік себеттерін үлестірді. Арал ауданы, Сексеуіл кентінің тұрғыны У.Бегімовтің төтенше жағдайда тұрғын үйі өртеніп кеткен болатын. Аудан әріктерілері, кент тұрғындары, көшірлер қаржы жинап, 2 500 000 теңгеге үй алып берді. Қолға қол 1 500 000 теңге, үй жиһаздарына 600 000 теңге берді. «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы бастау алғаннан бері білім беру саласы белсенді атсалысып келеді. Оның ішінде мектеп оқушыларына қолданбалы өрліктер тобы үйден оқыған, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуде, — дейді Болатбек Айбенбетов.

Облыстағы орта арнаулы білім беру ұйымдары өз қаражаты есебінен аз қамтылған, түл жетім, мүмкіндігі шектеулі, қамқоршылықтағы, көпбалалы отбасынан шыққан 12 студент – 100% оқу төлемінен босатылды. 13 студент – 50 %, 6 студент – 30 %, 24 студент – 20 %, 27 студент – 10 %, 71 студентке – 7 % оқу төлеміне жеңілдік берілді. Жеңілдік алған студенттер гуманитарлық, медициналық, кәсіптік-техникалық мамандықтар бойынша білім алуға.

Волонтерлер фронт офисінің бастамасымен өткізілген тағы бір шара 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында жүзеге асты. Мәселен, демеушілердің көмегімен облыс бойынша іс-шаралар өткізіліп, 4000-нен астам балмұздақ пен тәттілер тегін таратылды. Бәйтерек м/а Балакөмекей елді мекенінде әлеуметтік жәрмеңке ұйымдастырылып, 200-ден астам тұрғынға әлеуметтік көмек көрсетілді. Бір айта

“БІЗ ДОНОРМЫЗ” АКЦИЯСЫНА ШАҚЫРАДЫ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «30 қайырымды іс», «Қайырымды істер марафоны» акциясы өткізілуде. Осыған орай облыста 450 іс-шараны ұйымдастырды. Оған 22 156 адам қатылды. Сондай-ақ 6 584 адамға 91,7 млн теңгенің көмегі көрсетілді. Бұл туралы кеше Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Волонтерлар фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айбенбетов мәлімдеді.

келетінді, бұл шараны 23-інші шілде күні Сабалқ саяжайында, 30 шілде күні Етіджа саяжайында ұйымдастыру жоспарланатын отыр. 28 шілде күні жастар арасында қан берудің маңыздылығын ұғындырып, мұқтаж жандарға өмір сүруге мүмкіндік жасау мақсатында Қызылорда облыстық қан орталығында «Біз донормаз» атты қан беру акциясын ұйымдастыру жоспарлануда. Құрбан айт мерекесінде облыс бойынша 1878 отбасына ет үлестірілді.

Бұл фронт офисінің алты айда атқарған шараларының бірі ғана. Бұдан өзге жарияға жар салмай, атқарып жатқан істері көп. Алдағы уақытта да қайырымдылық істерде ерліктер ұлес қосады.

БАЛҒЫНДАР БАҚЫТҚА БӨЛЕНДІ



Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Титов мөлтек ауданында «AULA SPORT» сайысы өтті. Жарыстың мақсаты – ауладағы жастардың саламатты өмір салтын ұстанып, спортқа қызығушылығын арттыру.

Сайыс аясында орталық мамандары балғындардың көңілін көтеру мақсатында жаппай би билетін, төттілер тарту етті. Жарыс спорттың үш түрін қамтыды. Атап айтқанда, қол күрес, бел төмен (турник) және арқан тарту. 100-ге тарту бала қатысып, көтеріңкі көңіл-күйде керемет өсер алды. Сайыс қорытындысы бойынша белсенде қатысқан үздіктер арнайы алғыс хатпен марапатталды. Титов мөлтек ауданының тұрғыны Зарина Сасқинаға міндей шараның жиі ұйымдастырылғанын қалайды.

«Ұйымдастырылғандар алғысмыз шексіз. Нәтижесінде балаларымыз бақытқа бөленіп, спортқа қызығушылығы артып, Осыандай іс-шаралар жиі ұйымдастырылса игі болар еді, — дейді.

Іс-шара барысында мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға байланысты көнес беру бұрышы жұмыс істеп, орталық мамандары тұрғындардың ұсыныс, пікірін тыңдады.

СҮЙІНШІ! ТОҒЖАН ТОП ЖАРДЫ



Қызылорда қаласындағы Серғали Тольбеков атындағы Тоғжан «Егілет» 4 сынып оқушысы Өздіраманова Тоғжан «Егілет – 2021: математика-арифметика» халықаралық олимпиадасына қатысып, бірінші орынға берілген «Алтын кубокты» иеленді. Сонымен қатар алғыр қыз наурыз айында Дубайда өтетін «Юниор біріншілігіне» жолдамға алды.

Егілеттегі жарыс үш күнге созылды. Оқушылар екі күн математиканы, бір күн арифметикадан өсиетер шығарып, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова, Қытай секілді 14 алауап елдің жүйріктерімен сынта түсті. Кіл жүйріктер арасынан, Сыр өлінің талантты Тоғжаны топ жарды! Білімімен мыңда жүзден Тоғжанды және №3 ІТ-шай ұжымнан жеңісімен құттықтаймыз!

140 БАЛЛ ЖИНАДЫ

SAT халықаралық тест нәтижесінде Бақдәулет Нұрланұлы ҰБТ-дан 140 балл сертификатына ие болды. Бақдәулет болашақта Гарвард университетінде магистр дәрежесін алуды армандайды, Қазақстанда алғашқы технологиялық мектеп ашып, өз Отанының игілігі үшін жұмыс істегісі келеді.



Бақдәулет Жарықасын үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Мұрагер» мектебіне 2010 жылы 5 жасында келді. Мектеп қабырғасында 11 жыл оқып, «Алтын белгіге» бітірді. Оқу барысында Бақдәулет Нұрланұлы бірнеше рет мектептің атынан түрлі іс-шаралар мен жарыстарға қатысты. Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиадаларда алты дүркін жеңімпаз және облыстық олимпиадалардың үш дүркін жүлделері атанды. Быыл Қызылорда облысының атынан республикалық олимпиадаға қатысып, күміс медаль иеленді.

Бақдәулет Өнер мектебінің фортепиано сыныбын да үздік тәмамдап отыр. Оқу барысында ол Азияның 31 елі арасында өткен пианистер байқауында Қазақстан атынан қатысып, «Үміт» атағының иегері болды. Сонымен қатар республикалық классикалық музыка байқауына қатысып, Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген музыканттар арасында екінші орынға ие болды. Бақдәулет гитараны өз бетімен ойнауды үйренді. 2019 жылдан бастап Қазақстандағы ең үлкен еріктер желісі – еріктерлік лигасына қатысып, 2020 жылдан бастап 2021 жылдың сәуіріне дейін Еуропаға қоры халықаралық ұйымның «Камкор Ата Камкор Білік» жобасының жаттықтырушысы болып жұмыс істеді. 7-11 сынып оқушыларына алғышын тіліп үйретіп, халықаралық емтихандар бойынша кеңес берді. 10 сыныпта Бақдәулетпен бірге ағылшын бастау және негізгі қазақ тілі пәндерін оқытушылардың алғышын тіліп үйретіп, ҰБТ пәндері бойынша курстардан тегін өте алатын оқыту веб-сайтын әзірлеп жатыр.

11 сыныпта халықаралық SAT емтиханын тапсырып, аяғының үздік оқушыларының 4%-ына енді. Бақдәулет Нұрланұлы – физика бойынша екі жобаның авторы. Физика-математика пәнінен халықаралық емтихандарды үздік тапсырып, Назарбаев Университетіне Есеттеу техникасы мамандығы бойынша оқуға 100% грант иеленді.



Семинарға 14 облыстан және 3 республикалық маңында бар қаладан 34 аймақтық фронт-офис өкілдері қатысты. Атап айтқанда, ішкі саясат басқармасы, жастар басқармасы мен жастар ресурстық орталығының қызметкерлері. «Bіргелік» республикалық волонтерлер фронт-офисі – бұл консультативтік әдістемелік, оқыту, апаратық орталық және оның функцияларына бүкіл республика бойынша волонтерлік жобаларды үйлестіру кіреді.

СЕМИНАР ҚОРЫТЫНДЫМАНДЫ STREET WORKOUT

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Рухани жаңғыру» қазастандық қоғамдық даму институты КЕАҚ және «Bіргелік» республикалық волонтерлер фронт-офисінің үйлестірушісі «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ-ның ұйымдастыруымен Нұр-Сұлтан қаласында аймақтық фронт-офис өкілдеріне арналған 2 күндік семинар өтті.



Орталық алаңда «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігі және облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында «Street Workout» спорт түрін сайыс өтті.

Сайысқа 30-ға жуық жас қатысты. Ашық астын астында оқытушылар белсенділікті тынытып, көрермен қазымына айналды. Үздік деп танылғандарға ұйымдастырушылар тарапынан арнайы алғыс хат табысты. Нәтижесінде турнирдің I орын Шығыс Бердешиева, II орын Берекет Дарханбайға, III орын Айбын Сейткамалға бұйырды.

ЖЫР ЖИНАҚ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАДЫ

«Сыр үміті» жастар қауымдастығы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен «Студенттер сарайында» поэзия кеші өтті.

Кешке облыстық мәслихат депутаты, қауымдастық төрағасы Мағжан Ералиев, ҚМУ Өлеуметтік және тәрбие жұмыстар про-ректормы Жандос Базартай және Сырдың бір топ жас ақшандары қатысты. Кеште өлеңдер оқылып, күй шертіліп, әндер орындалды. Кеш барысында «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев жас ақшандарға қуанышты хабар жеткізді.



Мағжан Абзалұлының бастамасымен және қолдауымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Сыр бойындағы жас ақшандардың өлеңдер жинағы кітап болып жарыққа шығады.

ШӨП ОРЫП ЖАРЫСТЫ



Қазалы ауданында шөп орудан жарыс өтті. Жастарды еңбекке баулу, қуаңшылыққа байланысты тұрмысы төмен отбасыларды шөппен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған сайысқа қала, кент және ауылдық округтерден 40-тан астам жас қатысты.

Жарысқа қатысушылар таңертеңнен бастап Қараөңгел ауылдық округіндегі «Жалаңтөс Батыр» ЖШС-ның күрші алаңында белгіленген жерден шөп орды. Шөп орауға келген жастарға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы келіп, арымасын айтты. Қысыптайған уақытта осылайша жұмыла көктерген күш жеті болытынын жеткізді.

Жарыстың қорытындысы бойынша 93 бау шөп орган Жалаңтөс батыр ауылының тұрғыны Ақтілек Бекболат I орынды жеңіп алды. Екінші, үшінші орындарды түкті-баевтық Әлі Ермеубаев мен Қазалы қаласының атынан қатысқан Рауан Әленов өзара бөлісті. Ал, Қазыбек Ерділтан «Шалымды орақшы», Талант Нұрадин «Епті орақшы», Жәніс Жолдасбаев «Белсенді орақшы», Талант Мұралиев «Ұялты орақшы» номинацияларымен марапатталды.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін аудан әкімінің орынбасары Күнтлес Назымбеков құттықтап, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Номинация иегерлеріне де бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Айта кетейік, жарысқа қатысушылардың барлығы 1553 бау пішен орды. Бұл шөп ұйымдастырушылардың шешімімен аз қамтамасыз етілген, асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін болып келісінді.

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІНДЕ ӘН ШЫРҚАДЫ



Осы жылдың 17-18 шілдесінде Белоруссияның Витебск қаласында 30 жылдық мерейтой аясында «Славян базары» халықаралық фестивалі өтті. Музыкалық конкурсуға Сыр өлінің перзенті, бриллиант дауысты өнші жерлесіміз Дінмұхаммед Төлөубай қонақ ретінде шақырылды. Ол аймақ басшысының қолдауымен «Славян базарына» барып, өнер көрсетті.

Сыр тоғызғанын шыққан Димашайғ жас өнер иесіне шығармашылық табыс тілейміз. Халықаралық ән байқауларында бағы жанып, өнері өрге жүзсін! Талай ән додаларында оза шапын! Қазақтың атын танытар, әлемді мойындатар талант иесі болуына тілектестігімізді білдіреміз. Айта кетейік, Дінмұхаммед Төлөубай – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері болған Қараөзек Ақдәулетованың шәкірті.

БЕГТІ ДАЙЫНДАҒАН: МӘЛІДІ САБЫРЖАН



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының бесінші жұбы – аралдық Алтынбек Қыстаубаев пен Шиелі ауданының ақыны Рыскелді Жахманның айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Алтынбек Қыстаубаев:

Ассалаумағалейкүм, Қызылорда!
Несібін сұлу Сырдан сүзіп алған.
Айдынды Аралыңнан дұғай сөлем
Сұраған, Беуақтұң ізі қалған...
Бастаған әрі ісінді, дұрыс дермін!
Армысың, қарсыласым,

Рыскелдім!
Ұйымдасып жатқанда осы айтысты
Немір беріп, маған да жұмыс
бердің.
Мүшәйраның жұлдесі аз деп жүр
деп.
Айтысуын ағаңның дұрыс көрдің.
Аптын ағам десең де мені өмірде
Қадірін білген жанымн күмістердің.
Тарихыңды тізбелеп жаза білдім,
Бағың да бар, алаңда азасың мың.
Тәуелсіздік жолыңда не көрмедің?
Қимасыңды амапсыз қаза қылдың.
Отыз жыл – Егеменді ел болғанда
Мерейлі мерекесі – Қазағымың!!!
Рәгім, жаз елінің халін біліп...
Қойғаны-ай, «сотка құмыр»
танылдырып.
Сен де бір тұлпар едің аламанда,
Шапқан сайын қалатын жаның
кіріп.

Рыскелді Жахман:

Уағалейкүмассалам, Алтын ақын,
Асылсың өлең десе алыңнатын.
Жеребе жолдас болып маған
түстің,
Қорықпа, кезің емес жаншылатын.
Қара бастан кемшілік іздемеймін,
Қара басқан тіршілік болды жақын.
Тұрлаты белек біткен жүйріксің
ғой,
Тұлпардай тарлығанда шаң
шығатын.
Аралдан айтысар деп немір
берсем,
Алтыке, білем сені паң шығасың.
Жастар бүгін жырласын деген
екен,
Қыстаубаев ендеше жарқырасын.
Қара үзіп шаба бер Құлагердей,
Қара басып қалмағын, қасыр ақын.
Өмірдегі достығың бір төбе еді,
Өнерде де досымсың жалпы
жақын.
«Батырым» деп өзіңді көтеремін,
Бейсендей жақсы көрген халқы
атын,
«Бай-қуатты болайық» деймін
тағы,
Нұртілеудің билесің алғышартын.
Тұлғаларды түгендеу қаныма
бар,
Тұяғын тай басады аты бардың.
Жеке басты мінемей айтысайық,
Жеке жүріп жол табу затыма сын.
Көппен бірге адасу мұрат емес,
Көшпен бірге түзелмеу атыма сын.
Алтынбек бек екенсің, би екенсің,
Байқасам, бүгін сен де үй екенсің.
Берейін кезегіңді ал ендеше,
Өлең-жырдан тамаша сүйі етерсің,

Алтынбек Қыстаубаев:

Менің де мін, сын емес іздегенім,
Халқымнан барынша қол үзбел
едім.
Рухы шат болсын деп тілек етіп,
Журналист ағаларды тізбеледің...
Рыскелдім, емессің есепке нөл,
Мен де жігіт емес ем есепке ерер.
Отыз жылда Ордалы жігіт болдым,
Кез келгендей өзіңе есеп берер.
«Қой үстіне бозторғай
жұмыртқалар»

Бізде де ел таңырқар заман болар.
Отыз игі іс айтсам отыз жылдан
Сонымен де бұл күнің төмам
болар.
Жастарға жырласын деп кез
бергенде,
Қателігін тергенім жаман болар.
Ақынмын қойсан сауап жауап
дайын.
Қарша борап қаңтардай
қаратпайын.
Тәуелсіздік әкелген сыйын айтып,
Өлеңімді әрі қарай сабақтайын.
Бірінші – Тәуелсіздік сыйым еді,
Екінші – Шекара ашты дүйім елі.
Үшінші – Рәміздер қабылданып,
Төртінші – Төл теңгені құйып еді.
Бесінші – Ата занды қабылдады,
Алтыншы – Аспанға ұштық
сағымдағы.

Жетінші – Астанамыз бой көтеріп,
Сегізде – келді еліміз сағынғаны.
Тоғыз деп – ауылдарды
абаттадық,
Аурухана, мектеп салып
қабаттадық.
Оныншы – ойға алғаным
орындалып,
Теміржолды тізгінін бопаттадық.
Он бірінші ізі істе – елді ойладық,
Игермеген елімде жер қоймадық,
Он екінші – Өлемді елге жинап,
ЭКСПО деп тойладық, төрде
ойнадық.
Он үшінші – білімді елге айналдық,
«Болашақ» деп жастарды, елді
ойладық.
Он төртінші – дәстүрді
жаңғыртқаның,
Он бесінші – не керек алдық бәрін.
Қалған он бес игі істі сен тергейсің,
Ақынсың сөзге келсең ел
тербейсің.

Рыскелді Жахман:

Тәуелсіз ел болмасақ, кім біледі?!
Өмірге мен келмеймін, сен
келмейсің!
Оймақтай ой айтады таңдай,
мың,
«Ордалы жігіт» жасар орта жиын,
Орда бұзар елімің жетістігін,
Отыздыққа сыйдыру қандай қиын?!
Тәуелсіздік тарихын тасқа жазсам,
Толып жатыр жолымда балдай
бұйым.
Санға салып аясын тарылтпайық,
Санадағы игі іске бардай тыйым.
Жақсы іс шексіздіктің досы еді ғой.
Жақсылыққа бастайтын жандай
күйін.

Алтынбек, ақындығың дара еді,
Дейтуғын кез келгенге қара бері.
Қазақ текті ұлдар көп емес пе?
Жауһарға толып кеткен жан әлемі,
Сұрақ қып саған бірін жасырайын,
Сен бірақ өз-өзіңді таны әуелі.
Жүз жылда бір туатын академик,
Формулаңың тісқауған нар әлемі.
Ақындығы басым-ау екеумізден,
Таңғалдырды қарап ем жаңа мені.
Атағы айды аспаннан алдырардай,
Қарапайым қазақтың дара ері,
Кім екенін атайын білмей жатсаң,
Ол – қазақтың телефонысыз
қарагері.

Алтынбек Қыстаубаев:

Бір роман түйінін бір шумаққа,
Сыйғызардай ақын деп
топшыладым,
Отызға толтырсаңда болар еді,
Білімдің сынағам жоқ, шырағым!
Бір Алла деп қазақтың сыйынары,
Ыбырайша өтіп жүр жиын әлі.
Математик, азамат ер тудырған,
Сыр елім топырағың бұйығы әлі.
Алаштың анасы еді, тұңғығы еді.
Сыр елім қашан сағың сынып еді.
Ақардай алыпты айтып
отырғаның.
Өп деген деміңнен-ақ білнелді...
Кен болса деп қазақтың көрегесі,
Білімді жастарды ойлап келеді осы.
Өлемнің шеше алмаған жұмбағын
да

Шешіпті Жұмаділдің немересі.
Ғылым мен білімді алда болу
керек.

Қазаққа қазіргі таң керегі осы...
Бір жұмбақты атайын енді саған,
Мен едім көп нәрсеге сенгіш адам.
Өнердің қазанында қайнап өткен
Есіңе бір алпауыт ерді салам.
Аралдың арқа сүйер ардағы еді,
(Тірі деп дәтін жетсе алда мені)
Атында бір көше жоқ керек десең,
«Тамашаның» сардары санғағы
еді...
Өнеріне талайды тамсандырып,
Халқына бір салмағын салмап еді.
Бір мәдениет үйінің атын берсе
Деген ой Алтынбектің арманы еді.
«Тамашаның» әкем мен анаң көрген,
Ішінде басты рөлде, Ол бар еді.
Сол адам біздің елдің азаматы,
Алматыда абыройын қорғап еді.
Табар деп тарихтағы бір тұлғаны
Аға саған сауалын жолдап еді.
Елім деп еңіресем, ерлігің деп
Тәңірім, дәргейіңе ал, қолда мені!

Рыскелді Жахман:

Демедің мына тұлға бұл кім еді?
Ақсарды танымауың мүмкін бе
еді?
Жастар бар тұлғаларды
танымайтын,
Олардың талай нәрсе бұлдіреді.
«Тамашаның тарланын» танымыз
ғой,
Құдайдың бізге берген бір ұлы еді.

Сұлтанбаев – қазақтың

марқасқасы,
Өнерін игі жақсы ел біледі.
Перзентін ұлықтауды ұмытқаны,
Алтыке, жаман нәрсе білдіреді,
Бар қазақты күлдірткен тарланына,
Бір көше бермегені «күлілі» еді.

Бауырым айтарың көп, жазарың
көп,
Бұл жалған өтіп жатыр базарың
боп,
Айдыны қалыпына қайта келіп,
Аралың дами берсін ажарың боп.
Тәуелсіздік жемісі мұның бәрі,
Әр үйде отта тұрған қазаның көп.
Өлемдегі қандастар қайтты елге,
Әр жерде шүкір қазір қазақтың көп.
Шекарамыз бастысы шегендеулі,
Тілім бар, дінім, ділім, тамағым
тоқ.

Алтынбек Қыстаубаев:

Ақтарып ішугеі бар сезімнің.
Отырсың енді ойлап көз ілуді.
Жазсын енді біздерге айтыстан
соң,
Бас аманда жолығып, кезігуді.
Тапайлардан не сұмдық сезгенде
шың,

Өзіңе айтам көп сырды көз
көргесін.
Мына менің тілерім, Жаратқаннан
Адамдар ардан тайып өзгермесін.
Дұшпанға да тар жерде қолыңды
соз,
Дақ түсіп адал достар сөзге
ермесін.
Өткеніңді оқып біл, ата жолын
Демесең дүбара жан безбендесің...
Аман жүр, ақын ұлы ең Шиелінің,
Тарихы бар жерінде сүйемінің.
Елім деп еңбек етер ер өзіңнің,
Осыны жадына, інім, түйе білгің!

Рыскелді Жахман:

Ақындар шаршы топта арындаған,
Рух беріп өзгелерге жалындаған.
Көгеріп көрегесі еліміздің,
Көп болсын қазағымда дарынды
адам.
Тәуелсіздік – елімің тәлқұжаты,
Төлтанбақ тұра берсін төріңде
аман.
Ел мен жерді ешкімге
бермейтұғын,
Өсіп келеді ерқұрек балғын балаң,
Тәуелсіздік таңында туылғандаң,
Алмас қылыш секілді
жарқылдаған.
Азат ойлы ұрпаққа қолдау берсек,
Қарғаларды қуады қарқылдаған.
Қарсыласым – педагог әрі аке,
Баладай көңілі бар аңқылдаған.
Білім менен ғылымды қатар берер,
Тәрбие-тәлім де одан артылмаған.
Текті қазақ өрбін өз артыңнан,
Болсын әркез ел мен жер, халқың
аман.
Осыменен айтысты түйіндейік,
Ай жүрсең де аман бол, Алтын
ағам!

АНАЛАР ШАҒЫМЫ



Жуырда көп балалы аналар Мәжіліс депутаттарына бір жасқа дейін балаларға берілетін қосымша тағаммен толыққанды қамтамасыз етуді талап етті. Егіздердің анасы Зубидия Палтиева екі нәресте үшін тек 12 қаптама қосымша тамақ берілгенін және бұл тамақ егіздерге он күнге ғана жететінін айтып шағымданған.

– Әр ай сайын егіз балама жергілікті емханадан 12 құрғақ сүт берілетін. Балаар алты айдан асқан соң, бұл мөлшер 8 қаптамаға азайды. Ал балаларымын қосымша тағамға деген құлшынысы өсейген сайын өсіп отыр. Рас, сәби алты айдан асқан соң, аралас тамақтандыруға ауысады, бірақ сонымен бірге баланың денсауы да өседі емес пе? – дейді егіздердің анасы.

Билік басшылары елдегі сәбилерді қосымша тағаммен қамтамасыз ету мәселесі ушыққанын мойындап, мәселені шешу үшін депутаттар Үкіметке үндеу жолдады.

– Мемлекет бұл мәселені шешуде барлық амалдарды қарастырып жатыр. Бірақ нәтиже көңіл қалдыртпайды. Аналар балаға қандай тағам сатып алу керектігін білгенмен, емханалар үшін жақтты сатылымға келуі де күрделі іс. Себебі, қазір балалар қоспасын сатып алу орталықтарында, әр емхана оларды қажеттілік есебінен өз бетінше сатып алады, – дейді Мәжіліс депутаты Юрий Жулин.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, жергілікті бюджет қаражаты есебінен сүт қоспасын сатып алуға 5,7 млрд теңгеден астам қаражат бөлінеді. Тек соңғы 3 жылда тегін жасанды тамақтанатын жаңа туған нәрестелердің саны өскен. Мәселен, 2018 жылы мұндай тағамды 77 мыңнан астам ана алса, 2020 жылы 92 мыңнан асты. Байқаныңыздай, жыл сайын ана сүтін қанағаттандырмай немесе мүлде ембейтін сәбилер саны артуда. ЮНИСЕФ көлемді бойынша, әлемде он баланың төртеуі ғана ана сүтімен қоректенеді. Қаптан балаларға қоспа қажет. Ал Қазақстанда балалар тағамның жетіспеушілігі жылдан жылға артып келеді. Бұл мәселе де қоғамды аландатады. Соңы тұста ана сүті ауыстаратын тағам қауіпсіз деуге болмайды.

Құрғақ сүтті 1855 жылы ағылшын ғанағатқашы Гриввид ойлап тапты. Ол оны дайып өнім ретінде нарыққа әкелген шведтік фармацевт Генрих Нестле. 1867 жылы Нестле сүтті сүтін бідай ұнын, қант қосып, балаларға арналған құрғақ сүт дайындады. Ол оны «Анри Нестленің сүтті ұны» деп атады. Аз уақыттың ішінде бұл сүт бүкіл Еуропаға таралды. Сол кездің өзінде жасанды өнімнің балалар денсаулығына зиян екенін айтып, дәрігерлер дабыл қақты. Неміс дәрігері Готфрид Кохер «балаларға берілетін Нестле, Гербер, Курфенге сәйкес жасанды сүттер бала денсаулығына зиян. Себебі, 1890 жылы Берлинде ана сүтін емген балаларға қарағанда жасанды сүтті пайдаланған сәбилердің өлімі 13 есеге артты» десе, дәрігер білетін жасанды сүт өлі ана сүтінің орнын басуға қауқарсыз деп, оның бала денсаулығына зиян екенін мойындап, жарнамаламауға шақырды.

Ғалым Арсланов Сейдахмет құрғақ сүттің ертедегі көшпенділерде болғанын, малдың өрісіне байланып күн кешетін қазақтарда құрғақ сүт қажеттіліктен туындағанын айтады.

– Көші-қон кезінде баланы емізу қиын. Сондықтан бала аш қалмау үшін қазақтар құрғақ сүт дайындаған. Оны малдан терісін түгінген арыптып, теріні үш рет сүтке салып қайнатып, желтіріп, қарыға не бүйенге салып сақтаған. Көші-қон кезінде сүт сұрап жылғапал бала осы теріден аландай кесіп алып, суға салып, жүйені тері кәдіміл сүтке айналғасын ішкізген. Түбіндегі құйғаны сәйге етіп шайнаған бала жайлауға қалай жеткенін білмей қалған», – дейді ғалым.

Әлем елдерінің тарихына қарайтын болсақ, баланың ана сүтін емей нәбәрі алты ай болған. Алты айдан соң бала сүттен шығып, үлкендер жейтін тамақты тұтынатын. Мысалы, Үнді елінде сәби алты айға толғанда әулетте үлкен мереке болып, асқақ баланы сүттен шығару рәсімін жасаған. Қытайда сәбиді сөйік күрші ботқасын берсе, кейіннен түрлі көкөністер мен балық тағамын беріп отырған.

Айгүл ӘЛШЕРОВА

– Гүлсім Естайқызы, мекемеде қандай балалар тәрбие алуға?

– Ешбір ана тоғыз ай құрсағында көтерген сәбиінен көп үміт күтпейді. Тағдырдың талғейі, тұрмыстың ауыртпалық, баланың сырқат болып туылуы сөздік түрлі себептерден бала жапа шегеді. Баласына қарап, үйінде отырып десе, баспанасы жоқ, тамақ тауып жұмыс істейтін десе, баланы қалай бер жері жоқ, осылай шырылдап жүрген аналар көп. Тіпті балаға дұрыс қарай алмай, ауыртып алғандары да бар. Тұрмыстық жағдайы қалыпты болса да, дамуында кемшілігі бар баласына оңай шараларын алғысы келетін ата-аналар бар. Бізге келетін жандардың тағдырлары сан қилы. 2012 жылы 7000 шаршы метр аумаққа жаңа ғимаратқа көшкен мекемеде 60 бүлдіршінің өмі алуына жағдай жасалған. Қоғамда тастанды балаларды азайту, мүмкіндігінше ана мен баланы бір-бірінен айырмау мақсатында мемлекет қамқорлық танытып отыр.

– Қандай мамандар қызмет көрсетеді?

– Мекемеде бүлдіршіндерге емдеу, профилактикалық реабилитациялау жұмыстары жолға қойылған. Мультидисциплинарлы тобы құрылды. Құрамына педиатр, невропатолог, реабилитолог, аудитор, логопед, эрготерапевт т.б. мамандар жұмыс істейді. Облысымыздағы денсаулығында мүмкіндігін шектейтін өзгерістері бар, аял-ойы мен дамуында тежелуі бар балаларға үндізді оңалту емін жүргізу мақсатында Қызылорда облысының денсаулық басқармасы басшысының бұйрығына сай, «Балаларды оңалту тобы» ашылды. Онда физиотерапиялық ем үшін белімдер толық заманауи аппараттармен жабдықталған. Әсіресе швед тақтасы, биоптрон, алмаг, теплон, шариқт құрғақ бассейндер, аулауда 3 бассейні гидротерапияға арналған. Монтессори белімі толық жабдықталған, мұнда зейіннің тұрақтандыру, ұсақ моториканы дамыту, балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу, негізгі түстерді айыра білуге үйрету сабақтары тұрақты түрде жүргізіледі.

– Бүгінде көп балалар анық сөйлемейді. Мұндай балалармен логопед мамандарының жұмысы жолға қойылған ба?

– Балаларға логопедиялық, медициналық, педагогикалық көмек көрсету жұмысы жолға қойылған. Облыс әкімшілігінен қаражат бөлініп, 2020 жылы заманауи жабдықталған «Сенсорлық белімі» іске қосылды. Сенсорлық беліміде тұрақты түрде жаттығулар жасалып, көру, есту, иіс сезу, түйсіну т.с.с. мүшелердің сезімталдығын арттыруға, сезім арқылы түйсіну, психикалық процестерді дамытуға толық мүмкіндік жасалған. Өзі сөздік балалармен бірге ойындар, аң аң айттып, тақпақ жаттал, төтті тілдермен құятын жұр.

– Заманауи қондырғылар қыруар қаржы тұрады. Демеушілер бар ма?

– Өріне демеушілік көмектерді тарту және гуманитарлық көмектен меке-

ШАТЫРСЫЗ ҮЙ



Редакцияға Асқар есімді жігіт хабарласты. Өзінің ғана емес көршілерінің де базынасын айту үшін шақырды. Межелі жерге, межелі уақытта барған бізді тұрғындардың барлығы жиналып күтіп алды. Шанхай мөлтек ауданындағы Тайманов көшесінің тұрғындары бүгінде шатырсыз үйде тұруға мәжбүр. Екі атажұды үйдің шатыры осыдан 10 жыл бұрын дауылдан құлаған. Одан бері сол күйі өзгеріссіз. Жаңбыр жауған күнгі шатырсыз тұрғындардың қияметін езіңіз де бағамдай беріңіз. Сондай-ақ жертелсе суға толы. Нәжістің иісі үйде демалауға мүмкіндік бермейді. Баспанасын тастап көткісіз-ақ келеді, бірақ кім үйін тастасын? Жөндеу көрмеген үйді бүгінгі қалпы адам шошырлықтай. Фундамент жерге кіріп, кіріштер мүжіліп, құлауға әзір. Көрген кезде апатты үй ме деп қаласыз. Дегенмен өлі де апатты деп танылмайсыз.

«Бірде су дұрыс ақпайды, бірде көріз жүйесі дұрыс емес, жөндеу қармай, азып-тозып он тұр. Кім, қай мекеме бізге құлақ асады?» дейді ашынған тұрғындар. Көріз жүйесінің трубапары тесік, содан жертелген іші су. Иісінен демалу мүмкін емес. Тұрғындар көбіне далада жүруге мәжбүр. Көріз жүйесіндегі судан масса да көбейген. Олар да адамға тыныштық бермейді.

Асқар БЕКІМНӘБЕТОВ, Тайманов көшесінің тұрғыны:

– Бұл үйлердің басты мәселесінің бірі – көріз жүйесі. Бірінші этапқа су көтерілісімен, екінші этапқа су бармайды. Тұрғындар балаға жеткізіп алып қалған. Себебі көріз жүйесінің трубапары жиі тесіледі. Жазда масса көп, қыста тебе көкередей. Көкередей іс көшеге шыққан кезде қияметтен шығып тұрады. Көріз жүйесінің трубапары 20 жылдан бері ауыспаған. Қай үйдің қасынан тесілісе, сол жөндеу алады. Шыны керек, бізде тұрғындардың барлығынан бірдей ақша жинау мүмкін болмай тұр. Көбісі уақытыла пәтерде тұрап тұрды. «Қожабын біледі, сол жауап береді» дейді. Олар уақытына тұрған соң қиналғысы келмейді. Қаржы да шығармайды. Соның зардабын өзіміз де тартып жатқан сияқтымыз.

Тіксіз мамандардың айтуынша, бытыр қайтарымды қаражатпен 37 үйге модернизациялау жұмыстары жүргізілді. Бұл министрлікке 22 үйдің тізімі жолданды. Оның 11-і ғана қолдау тапты. Қаржы бөлінген уақытта жөндеу жұмыстары жүргізіледі екен.

Айгүл ҚИЯТОВА, Тайманов көшесінің тұрғыны:

– Басқа үйлер толық жөндеуден өткенде бізге де жөндеу жұмыстары жасалды деп күткенбіз. Күте-күте көңіліміз су сепкендей басылды. Жөндеу жүргізуі ұсыныс тастадық, құжаттарды өткіздік. Осыларды күтіп, жөндеу жұмыстарын бастамадық. Өзіміз істегенімізбен бірі бір толық жөндемейді ғой. Қазір кезде пәлбездерге кіру қорқынышты. Көше де, жертелсе де сасып жатыр. Жөндеу жұмыстары қашан жасалды деп күтіп жүрғанымызде жалғар өтіп барады. Біздің қалауымыз толық жөндеу жұмысын жасап берсе дейміз.

Бұл үйлерді апатты деп тану үшін арнайы аккредиттелген мекемеге бару керек екен. Сондай-ақ тұрғындар жиналып, үйді зерделеуден өткізеді. Тіксіз мамандар үйді апатты деп таныған жағдайда үй кезегіне тұрады. Әкімшілік ешқашан үйді апатты деп жарияламайды. Ол үшін арнайы аккредиттелген мекеме бар. Сондықтан мамандар тұрғындарды сол мекемеге жүнітуге шақырады.

Шапағат КЕҢЕСБАЕВ, «Қызылорда Тазалығы» ЖШС маманы:

– Тайманов көшесінде орналасқан №13-нші көп пәтерлі тұрғын үй Қызылорда тазалығы ЖШС-не ортақ меншіктегі күтіп ұстау бойынша балансақ өтіпеген. Тұрғындар қарсы болған. Ортақ меншікті күтіп ұстауға байланысты 2020 жылы шыққан заңда екі басқару формасын таңдауға құқығы бар. Олар меншік иелері бірлестік және жад серіктестік деген. Тұрғындар өздері меншік иелері бірлестігіне қарсы қызмет көрсететін серіктестік мекемелермен келісімшартқа отыра алады. Сол арқылы өздерінің ауа тазалығын, дәліздегі шикенерлік санитариялық жүйелерді күтіп ұстауға келісімшартқа отырып, өрі қарап жүзіліп тұрды жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Тұрғын үй қалыңастары туралы заңның 32 бап 5 тармағында кез келген пәтер иелері және тұрғын емес меншік иелері сол үйді басқаруға және күтіп ұстауға міндеттелген. Сондықтан санитариялық жүйені күтіп ұстауға, материал алуға, трубапарды алмастыруға өздері қаражат шығару керек. Бұл заңды Мемлекетшілге байланысты тұрғындардың 6/6 пайызы келіссе, мекемеге келіп, арыз тастайды. Өрі қарай құжаттар, жобалық сметалар жағынан жұмыстар жүргізіледі.

Р.С. Бірінші атажұды мәселесі астындағы су, екінші атажұды мәселесі шатыры болып тұр. Бізде ақша жинау қиындақ, тұдырып тұр, 180 мың сұраса, 10 жиі жиналады, қаптан 8 үй қосылмайды. Соның өзі жөндеу жұмыстарын жүргізуге көрі есер етеді, – дейді Асқар. Мамандар айтады, модернизация жүргізу үшін тұрғындар аталғмыз мекемеге арыз тастау керек. Сөйтіп қана мәселенің шешімі табылмай...

Мөлдір САБЫРЖАН

БАЛА БАҚЫТЫ

меге екі оттегі конденсаторы алынды. «Серте» компаниясының ауа тазартқыш ылғандандыратын құралы» және «Еңбек-Жер» серіктестігінің демеушілігімен «Биоптрон PRO-1» қуаттылығы жоғары құрылғысы игілігімізге өкелініп, балалардағы тыныс алу жүйесі аурулары емдеуге, алдын алуға көп өсерін тигізуде. Аурушандықтың алдын алуға, аллергиялық ауруларды емдеу, бронхо-өкпелік дерттерді емдеу, алдын алуға, сондай-ақ алдағы уақытта «Тұзды шахта» салуға демеушілік көмек үйімдімізге түрде.

– Мамандарта балалардың қауіпсіздігі үшін қандай жағдай жасалған?

– Тәрбиеленіп жатқан балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында 2020 жылы топтардың барлық бөлмелеріне заманауи бейнебақылау камералары орнатылған. Отбасылық өмірден алыстамас үшін әр топқа тұрақты түрде тәрбиешілер бекітілген. Облыстық мамандандырылған сәби үйінің жұмысы құзырлы органдар тарапынан тексеріліп тұрады.

– Жуырда ЮНИСЕФ балалар қорының өкілі сіздерге арнайы келді. Жұмыстарыңызға қандай баға берді?

– Қызылорда облысы бойынша азыртаулардың алдын алу мамандары облыстық мамандандырылған сәби үйіне жыл сайын тексеріс жүргізіп, жыл сайын балалардың өмір сүру деңгейінің, сәби үйі қызметкерлері тарапынан көрсетіліп жатқан қызмет сапасының артып жатқанын өз анықтамаларында көрсетеді. ЮНИСЕФ балалар қоры да біздің елімізде балалар тағдырына белсенді араласпады. Қордың өкілі Артур ван Динзен ресми сапармен келіп, облыстық мамандандырылған сәби үйінің тынысымен танысып, өте жақсы деген баға беріп кетті.

– Алға қойған қандай мақсаттарыңыз бар?

– Біз барлық сырқат баланы сауықтырып, анасына қосқымыз келеді. Балалардағы өкпе ауруларының алдын алу үшін «Тұзды шахта» бөлмесін дайындауды жоспарлап отырмыз. Тұзды бөлме – емдік қолметі бүркен бөлігі. Балалар бронхит, жүрек аурулары, невроз, демікке және аллергия сияқты аурулардан айығады. Сондай-ақ тыныс жолдарын микробтардан қорғайды. Белмен жабдытануға демеушілер қолдауы қажет болып тұр.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Р.С. Сәби үйі балаларға уақытыла сая болғанымен, балаға туған ақынның ыстық құшағы, мөлдір махаббаты қажет-ақ. Тағдыр қыздарымызды тура жолдан тастайды, таяқтамаса екен. Тұрлық тауыметін белісер әрде де бала ағымда жаулап өткені, өзін-өзі белімен тіпкеген өкіреген жүргізілді қолымызға ұстап, балаларға бақыт тілеп шытыптық.

Гүлбану МАҚАЖАН
Сурет: Нұрболан Нұржаубайді

«СӘБИ ҮЙІНІҢ» САЯСЫНДА

«Сәби үйі». Бұрын осы атауды өстірсе, көз адамымыз тастанды балалардың мекені елестейтін. Қазір Қызылорда облыстық мамандандырылған «Сәби үйінде» кімдер тәрбиеленуде? Біреулер жалғыз өзі тағдырдың тауқыметін көтере алмай, баласын қалдырады. Ата-анасы бар балалар да сырқатынан айығу үшін осында жүр. Ана мен баланы ажыратпай, аяқтанып кетуіне қолайды білдіріп отырған мекемеге арнайы барып, балалардың тыныс-тіршілігімен танысып қайтып. Мекеме ережесіне сай біз балалармен кездесе алмадық. Өйтседе сәбилерге сая болып отырған ошақтың бас дәрігері, жоғарғы дәрежелі педиатр Гүлсім Ержановамен өңгімелестік.



Қазақ жерінде сауда-саттық көшпелі кезеңде Ұлы жібек жолының бойында бастау алған. Жалғыз сіріңкелі бір қойға айырбастан алған сәт сауданың еліміздегі алғашқы қадамы саналады. Әрине бүгінде саудаға деген көзқарас өзгерді. Маңыздылығы артты. Дегенмен заман жаңарған сайын бұл саладағы мамандардың да қызметі бірте-бірте бәсеңдеуде. Болжамшылардың пайымдауынша, жойылып кетудің алдында тұрған саладың бірі. Жалпы біздегі сауда қызметі қай деңгейде дамыған, арнайы сауда мамандығы бітіріп, нәпақасын тауып жүргендер бар ма, “жабайы” сауданың болашағы қандай болмақ, бизнес-тренингтердің үлесі қандай, мәселенің түйінін тарқатып көрсек.

Тақырыпты тарқатуға шағардың орталық базары “Ескі базарға” аяқталады. Саудагерлер арасында сауланма жүргізіп, мамандықты айқындап алдық. Бірі-жарымы Қуаныш және Дархан Шоңбайдың, Өркен Кенжебектің онлайн дәрістерін алып, сол бойынша кәсібин дөңгелетуде. Бұл көбіне киім-кешек, иіс сулар, телефон аксессуарларын сатумен айналысушыларға қатысты дерек. Ал ашық базардағы сатушылардың 100 пайызының саудаға қатысты теориялық білімі жоқ деуге болады.

САУДА МАМАНДАРЫН ҚАЙДА ДАЙЫНДАЙДЫ?

Кәсіби сауда маманы Қазақстанда бір ғана қалада оқытады. Елордада бұл мамандыққа байланысты бірнеше білім беру ұйымы бар. Яғни осы мамандық бойынша жоғары білім алуға мүмкіндік бар. Дегенмен көршілес Ресейде бұл мамандықты оқытуға ерекше көңіл бөлінген. Атап айтар болсақ, бір ғана Мәскеуде сауда мамандарын даярлайтын бірнеше университет бар. MGUTU Разумовский (Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университеті), Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік институты, Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті (Ресей экономикалық университеті), NUST (Ұлттық зерттеу техникалық университеті) MISIS, Ресей Федерациясының Президенті жанындағы RANEPa (Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясы), RSSU (Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті). Аталған оқу орындары студентке лайықты білім бере отырып, нағыз маман болып қалыптасуына жағдай жасайды.

МАМАНДЫҚТАН КЕЙІНГІ ҚАДАМ

“Шымшық сойсаң да қаспашы сойсаң” деген түсінік бар. Яғни әр нәрсені өз заманы істегені абзал. Сонымен сауда маманына оқуға түскен студенттер мамандықтан не үйренуі мүмкін? Оқу орындарының ұстаздары мамандықты бітірген тұлғалар жұмысыз қалмайтынын алға тартады. Оқуды аяқтамағаның өзінде делдал, сауда өкілі, сатып алуларды реттейтін және тұтынушылармен жұмыс істейтін сату менеджері, тауар сарапшысы, сатушы және супервайзер, сату бойынша менеджер, кем дегенде кішкентай дүкеннен бір қызмет табады. Тәжірибе жинағаннан кейін сауда мекемелерінің желісі бар компанияға жұмысқа бара алады. Дипломын алған жас тұлғалар сауда алаңында менеджер лауазымынан бастап, логистика және сату жөніндегі директор, аға

маркетолог және басқа да қызметтерді атқара алады. Бастысы, сауда-саттықтың дамуына үлес қосады.

БАЗАРҒА БІЛІМНІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Ескі базар сауда орталығындағы сатушы Алма Боранбаеваның айтуынша, саудаға тек етілік қана қажет көрінеді.

— Шүір, күнделікті несібемізді базардан тауып отырмыз. 20 жылдан бері жеңіс-жедік сатумен айналысып келемін. Құдайдың берген бәреkesі. Азын аулақ қаржымен бастадық. Қаржыны айналыра келе өрісіміз де кеңейді. Саудаға теориялық білімнің қажеті жоқ. Тек етілік пен есеп қисапқа жүрік болсаң ғана жеткілікті. 5 жыл университетте білім алып, кәсіпке қаражатың болмаса, оқудың қажеті қанша?! Бизнес тренингтерге екі бастан қарсымын. Адам өзінің қпиясын жұртқа жайғанын қашан көрдік?! Олар да халықтың ақшасына күн көріп жүргендер. Сауда саттыққа байланысты оқу оқып, дүркіреп кеткендерді өмірлік тәжірибеде кездестірілмеймін. Базар аумағындағы барлық сатушылардың білімі жоқ деп толық айта аламын, — дейді сатушы Алма Боранбаева.

БАЛАНЫ ЕРТЕ ЖАСТАН САУДАҒА ҮЙРЕТУ КЕРЕК

— Біздің экономика сауда-саттықтан тұрады. Қазіргі уақытта алып-сатуды жақсы меңгерген, кәсіпте біраз жерге баруына болады. Өйткені біздің мемлекет әлі де жас. Нарық бос жатыр. Тек Қытайдан келетін тауарларды әкеліп сатудан басқанын таңдасаңыз екен. Өйткені ол жақты жаулап алған псықытар бар (күледі). Екінші бірі Қытайға бара алады, екінші бірі ағылшынды біледі, “Алибабаға” шыға алады. Бәсеке көп. Бірақ бізде өндіріс аз, қызмет көрсету саласы, тамақ өндірісі бос жатыр. Игеру керек. Ебін табу қажет. Баланы да ерте жастан саудаға үйрету керек екенін түсіндім. Себебі уақыттың талабы — осы, — дейді белгілі кәсіпкер Бекұлан Сағындық.

“ЖАБАЙЫ” САУДАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ

— Өткен жылы пандемия басталған сәт “жабайы” сауданың болашағы болмайтынын аңғартты. Яғни онлайн сауда базарлардың жұмысын біраз тығырлыққа тірейді. Жалпы әлемдегі онлайн сауда нарығында тұтынушылар үлесі биыл Қазақстанда да арқан. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі деректерінде, қазақстандықтар цифрлық қызметтері белсене қолданып, бірінші жарты жылдықта интернет дүкендердегі сауда-саттық көрсеткіштері екі есе өскен. Онлайн тұтынушылар

тарапынан өсіресе азық-түлікке, балаларға арналған тауарларға, дәрі-дәрмекке деген сұраныс жоғары болған. Отандық e-commerce нарығының өкпідері мемлекеттік орындар алдағы уақытта бұл нарықта логистикалық және төлем инфрақұрылымын дамытуға басты мән береді. Сондықтан базардағы сатушылар қазірдің өзінде ғаламторға байланып, онлайн сатылымға көшу керек. Егер мұны назарға алмаса, банкротқа ұшырайтыны анық. Жалпы саудагер мамандығын оқудың да қажеті шамалы. Себебі ғаламтор дамыған заманда маман болып шығудың қиындығы жоқ. Ғалымдардың болжамы бойынша жойылатын мамандық қатарына енгеннен кейін көңіл бөлмей-ақ қойсаң та болады, — дейді бизнес аналитик Арайлым Әуелбекова.

Бүгінде сауданың дамуына, кәсіпкерлікке қадам жасауға үйрететін бизнес тренингтердің көбейгені анық. Деректерге сүйенсек, өзіміз 100-ден аса тренер, мықты саудагер нем кәсіпкер болуға баулитын көрінеді. Өлгідегі сөз болған мамандық даярлап шығаратын оқу орындарын тренингтер басып озды. Бизнеске бағыт беретін мектептер мен тренингтерге қатысты қоғамның көзқарасы да назардан тыс қалмады.

КӘСІПКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖАҚСЫ ЖҮМІС ІСТЕУДЕ

— 2016 жылдың көктемінде «Жеке бизнес» кәсіпкерлік мектебіне қатысқан едім. Сол кезде «ALMA Films» деп аталатын жарнамалық компания түсіретін бейнеролик жасағанын ашқанын. Қазір қосымша сол кәсіптен де айналысып жүрмін. Негізі бір жобам ғана бар еді, енді Foodtruck-пен екеу болды. Менің байқауымша, бір бизнес-тренингке барып, бизнес бастап кететіндер некен-саяқ. Әрине, бірден нәтиже бермес де, азық-түлік табыс табатыны анық. Ең бастысы, ешқандай берілмеу қажет. Ерің-жігерің мықты болса, қателіктен қорықпай, қайтпасаң, табандылық таңытсаң — түбі жеңіске жетесің! Жақында бір журналдан өлемге әйгілі киноактер Брюс Лиджі мынадай сөзін оқыды: «Мен соққы жасаудың он мың тәсілін меңгерген адамнан емес, бір тәсілді он мың рет қайталаған адамнан қайымамын». Сол сөбелті, саудалмен айналысатындар үшін қажет ең басты қасиет — табандылық. Табандылық — табыстың кілті! Сондай-ақ бизнесте табысқа текке жету үшін білім керек. Менің ойымша, күні кешеге дейін мүддесі бір, пікірлері үндес қазақ орта жетіспей келген. Қазір сондай орта қалыптасып келеді. Өртүрлі жоғары оқу орындарында қазақ кәсіпкерлерінің қатысуымен шеберлік сабақтарының өткізілуі

көз қуантады. Іздеймін, оқимын, қайтсем де кәсіпкер боламын деген талапты жаңа ақпарат жетілікті. Қазір нарықта бизнеске баулитын бірнеше мектеп бар. Ешқайсысын бөле-жара қарамаймын. Әрқайсысы атап өтуге тұрарлық үлкен әрекет етіп жатыр. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорында да кәсіпкерлерге арнап курстар өткізеді. Қазіргі таңда таңдау мүмкіндігі мол. Ал өзім оқыған соңғы «Vertex» курсы туралы айтсам, бұл жерде басқа курстардағы сияқты басымызды ақша табуға емес, өзіндік жеңуге негізделеді. Ең басты өнім — өзін-өзіңдей. Ерекше атап өтетінім, жастар қай жерде оқыса да, білім қуалап жүре бермей, нақты іске көшу керек. Себебі бұл өз басымды бар, мен де сондай жаның бірімін, — дейді кәсіпкер Дархан Кәрімов.

БИЗНЕС-ТРЕНИНГТІҢ БӘРІ ШОУ

— Бір күні бастымыз барлық қызметкерлерді жинап, «Бизнес семинарға қатысасындар», — деді. Қуанып қалдық. Алайда 5 мың теңгеден жинауымыз керек екенін естігенде әлгідегі қуаныш су сепкендей басылды. Семинар ақылы екен. Бастық міндеттеген соң бармай қалуға болмайды. Айтылған жерге бардық. Семинарға ұзын-ыргасы 50-ге жуық адам жиналыпты. Қатысушылардың әрқайсысынан 5000 теңгеден (алдыңғы қатардағылар 10 мың теңге) қағып алса, онда мына бизнес-тренинг кемі 250 мың теңге табатын болып тұрғаны ғой. Сонымен бірге не айтады екен деп сөзін көзбен, зейін қойып тындай бастадым. 3 сағатқа созылған семинарда іліп алар ештеңе айтылмады. Естігенімнің бәрі — бұрыннан құлаққа сіңген дүниелер. Мысалы, әлгі бизнес-тренинг былай деп әңгімесін бастады: «Бұрын коммуникация дегенде телефон, интернет секілді байланыс құралдары көз алдыма елестейтін. Сөйтсем, коммуникация дегенде қарым-қатынас екен. Екі адам бір-бірімен ақпарат алмаса ма, міне, бұл коммуникация! Мен бүгін сіздермен коммуникация орнатқалы тұрмын. Өйткені әрбірінде жаға беттесе ақпарат кені жатыр. Соны бір-бірімізбен өзара бөліссек...». Бір жаңалық айттар деп соңына дейін мұқият тындадым. 3 сағатта мен білетін, жалпы көпшілік білетін нәрселер айтылды: Бизнес бастау үшін кәсіпкер ештеңеден қорықпау керек. Құныштылықтарға қарамай алған беттен таймау керек. Тек еңбек ету керек, т.б. Барғаным өкінім.

Біреудің қалтасын қампайтқан 5 мың теңгеге 1 пайдалы кітап алып оқыр едім. Зая кеткен 3 сағатта үйіліп жатқан қағаздарымды реттеп, ертеңгі жоғары оқу орындарында едім деп ойладым. Мені таңдандыра алмағанымен, тренер өзгелердің көңілінен

шыққан сияқты. Ауыздарын ашып, аң ұрып отырғандары көрдім. Әлгі тренер манитупляция тәсілдерін жақсы меңгерген екен. Жаттанды ақыл-кеңестерін түрлі мысалдар арқылы жеткізіп, аудиториямен тығыз байланыс орнатуға тырысты. Тойдағы тамада іспеттес. Ең қызығы, кофе break уақытында болды. Қымбат күйген, шашын жақпаймын қайыраған 30-дар шамасындағы екі жігіт қасымызға келіп, алған әсерлерімен бөлісе бастады. «Қанша тренингке барып жүрмін. Дегенмен ешқайсысынан дәл бүгінгідей әсер алмаптың. Бұл кісі нағыз зур екен» — деп өзара сөйлескен болып, әлгі тренерді бізге естіріп мақтай бастады. Бірден сөздім. Бұлар — бизнесмен рөлін сомдап жүрген әртістер. Бұрындары алик, малик, шарик секілді ойындарға клиент тарту үшін біреуді жалдап, оны ұтқызып, небір қуытыры іс-әрекеттерге барушы еді ғой. Бұл жігіттер бизнес-тренинг деген сенімді оту үшін, яғни жұртқа «Бұл тренерге доулетті, іскер азаматтар да барды екен ғой» деген ой қалыптастыру үшін жүрген жалдамалы жандар. Жұртқа берері жоқ семинар өткізген сол бір қызыл сөз шеберінің көсірінен бизнес-тренингтерден мүлдем көңілім қалды. Бәрінікі де шоу. Енді бармаспын тренинг атаулығы, — дейді Айнур.

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАУ КЕРЕК

Белгілі PR-менеджер, табысты кәсіпкер Әлішер Елікбаевтың айтуынша, кімнің тренингіне қатысасың да, айналасы бір-екі сағаттың ішінде кәсіпкерліктің қыр-сырын игеріп, саудагер боламын деп — бос әуіршілік. «Өсіп жатқан ел үшін бизнес-тренингтердің көбейгені қалыпты жайт. Бірақ оны ұйымдастырудың да өртүрлі схемалары бар. Мысалы, жая ғана адам келіп, ақшасын төлеп, менің тренингтеріме қатыса алмайды. Ол үшін арнаулы компания қолжақты қаражатын төлеп, өзінің қызметкерлерін шақыра алады. Тренингтерге қатысымын деп жүргендерге кеңесім, алдымен сізге дейін сол бизнес сабақтарға қатысқан адамның пікірін біліп алыңыз. Қысқармерзімді тренингтердің мақсаты — оқыту емес. Өйткені қысқа мерзімде оқып-менгеру мүмкін емес. Оның міндеті — адамға стимул беру, «мен де істей аламын» деген ойға жетелеу. Әрине, қызыл сөзге шебер алаяқтар мұны да өз пайдасына қолданып жүр. Олар үшін бұл тек — табыс көзі. Біздің мақсатымыз басқа. Тренингтен түсетін табысым қажеттіліктерімізді толық қамтамасыз ете алатындығы көлемді емес. Тек сервис саласында лайықты мамандар қалыптаса деймін, — дейді Әлішер Елікбаев.

Ерасыл ШӨРІБЕК

КӨЛІКТІҢ БАҒАСЫ БІЗДЕН 70 ПАЙЫЗ АРЗАН

– Айдос, Auto-rai көлік қызметі тасырыспен елге жаңа тұлпарларды тасымалдайтыны белгілі. Бүгінде қай елден көлік тасымалдап жатырсыздар?

– Елімізге Армения, Грузия, Ресей, Қырғызстан секілді 3-4 елден ғана көліктер тасымалданып жатыр. Қазір Грузиядан Қазақстанға жылы жаңа, тартымды дизайнмен toyota-ның соңғы үлгілерін әкеліп жүрміз. Өйткені toyota-ға сұраныс өте көп. Армения мен Ресейден де бір кездері алып келдік. Бірақ бір кездері, аталған екі мемлекеттің автокөліктерін заң аясында қазақстандық немірлерге рәсімдей алмаймыз.

– Бірнеше мемлекетте болғанымызды білеміз. Қазақстан көлік сатудан әлемдегі қымбат елдер қатарына жататыны қаншалықты рас?

– Онымыз рас. Еліміз көлік бағасы бойынша алдыңғы қатарда. Бірнеше мемлекетте болды. Бір ғана мысал, Грузияда көлік бағасы Қазақстанға қарағанда 50 тіпті 70 пайызға арзан. Қалтаға қонымды болған соң, ол жағдай халықтың дені жаңа көліктерді

Соңғы жылдары елімізге шетелдерден келетін көліктердің саны едәуір артқан. Былтыр елімізге 744,6 млн долларға 33,9 мың жеңіл автокөлік импортталған. Өкелінген автокөліктер саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 18,3%, бағасы 20,2% өскен. Сырттан келген көліктердің басым бөлігі Ресей, Армения және Грузияға тиесілі. Дегенмен бүгінде еліміздегі көліктердің тозығы жетсе де, шекарадан жылы жаңа көліктерді кіргізу қиына соғуда. Мұны Auto-rai көлік қызметінің өкілі Айдос Жүнісов мәлімдеді.



тізіндеді. Еліміздегідей тозығы жеткен автокөліктер Грузияда жоқтың қасы. Біздің елде не себепті тұлпардың бағасы қымбат екенін түсіндіріп кетейін. Мысалы, шамамен келтірейін. Kia Morning маркалы көліктің 2018 жылғы, бар-жоғы 110 мың доллар «шапқан» шағын тұлпарды 5000\$ алдық (біздің бағаман 2 110 000 тт), жөнелту құны 1700\$ (717 000 теңге), жиыны Алма-

тыға 8500\$ (3 587 000 тт) келіп тоқтайды. Қызықты бәрі елге келген соң басталады. Майдәуірде шығындары есте қалмайды, бастыларына тоқталайын. Келген бойда 710 000 тт кенедік алым үшін өркерге береміз, ол көлікті рәсімдей береді. Еуро 5 стандартына сәйкес келетін дәлелдейтін сәйкестік сертификатын алу қажет. Оған жаңылыспасам, 200 000 тт шығындалу

қажет. Енді автоцонға барып, немір алу үшін «утильбор» төлеу керек. Қозғалтқыш көлемі 1 литрден аспайтын жап-жаңа көлігі үшін 438 000 тт «утилизациялық алым» төлеуге мәжбүр болдым. Одан кейін көлік тіркеуге кірісу қажет. Жаңа көлікке қосымша 71000 теңге төлеп, немір мен техпаспортқа мемлекеттік алым (12000 тт) тағы төлейсіз. Сонда 2 110 000 теңгеге келген кіш-

кеңтай көлікті Қазақстанда рәсімдеу үшін тағы қосымша 1 477 000 тт төлейсіз. Оның 797 000 теңгесі кеден, қаржы министрлігі секілді мемлекеттік органдарға төленген қаражат болса, қалған 680 000 теңгесі мемлекет қолдан лобби жасап отырған жеке компаниялардың есебіне кететін қаражат. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, елімізге кіргізу үшін құжат рәсімдеуге бір көліктің бағасы кетеді.

Утилизациялық алымның өзге елдердегі бағасы қандай? Жалпы біздің елде бұл жинақтық белгіленген сомасы бар ма?

– Көліксатуменайналысқандықтан, көбіне Еуропадағы мемлекеттердің жүйесін қараймын. Мысалы, Нидерландыда – 45 еуро (22 680 теңге), Жапонияда – 100-200 доллар (42200-84 400 теңге аралығы), Ұлыбританияда – 80 еуро (40 320 теңге), Германияда – 100 еуро (50 400 теңге). Біздің елде 400 000 – 5 500 000 теңге дейін барады.

Көліктің кубы көбейген сайын төленетін жарнасы да соған сай ұлғая береді.

Ерасыл ШӨРІБЕК

ЕСКІНІ ЕСІ КЕТКЕНДЕР АЛА МА?



Екі күннің бірінде koleza.kz сайтына парақтайтынымыз бар. Бұл жолы бізді таңқалдырған көлік 1964 жылғы 3A3-965A маркалы темір тұлпар. Совет Одағында құрастырылған көліктің бағасы шетелдің су жаңа автокөліктерінен елде қайда қымбат. Быыл 57-ге келетін машина үшін иесі 10 млн теңге сұрап отыр.

Хабарландыру авторының сөзінше, 2019 жылға дейін 3A3 бір адамның қолында болған, ол екінші иесі. Модельдің жасын ескерсек, жағдайы жалпы жаман емес сияқты. Сыртқы «запорожец» рәсіммен жақсы көрінді, тек интерьерінің өңі келтіліп, Бұл суреттерден байқалады.

Мәтінде одометр 62 684 км көрсетіп тұрғаны жазылған, бірақ қозғалтқышы жөнделіпті, қазір оны жолға тоселіп жатыр екен. Машинаның арт жағына 27 күшке ие көлемі 887 текше сантиметр бензинді қарбюраторлы V4 орнатылған. Ол айналу моментін артты дөңгелектерге беретін механизммен жұмыс істейді. Көліктің эмблемасы мен түпнұсқа саймандары жинаққа кіреді. 10 млн теңге соңы баға емесін айта кеткен жөн. Өйткені иесі аз-маз саудасы болатынын жеткізген.

АВТОСАЛОНДАРДА КӨЛІК ЖОҚ...

Әлемде автомобиль үшін түрлі микросхемалар мен электроникалық құрылғылардың тапшылығынан көлік өндірістері тоқтап жатыр. Автонарық өндірісіндегі негізгі ойыншылар үшін қажетті электроникалық жүйені құрастырушылар 2021 жылдың басында дағдарысқа тап болды. Volkswagen, Hyundai, BMW, Suzuki, Toyota, Honda сияқты автомобиль нарығындағы көшбасшылар өндірісті қысқартуға мәжбүр болды.



Бұл жағдайдың салқыны Қазақстанға да тиді. Әлемдік сарапшылар мұны коронадағдарыс ала келген қиыншылықпен байланыстырады. Оған қоса, биыл қыста АҚШ-тың Техас штатындағы ең ірі микросхема өндіретін зауыты дауыпды бүрқасын қиратып кеткен. Ал Жапониядағы Renesas Electronics электроника зауыты өртенді. Соңғысы бүкіл әлемдегі электронды жартылай өткізгіштердің 17%-ын өндіреді.

Автомобиль сарапшылары бір қиындықтар ғаламдық дағдарысқа айналып жатқанын және ол 2021 жылдың соңына дейін созылатынын болжап отыр. Мұның салдары автомобиль нарығындағы ойыншылардың табысына әсер етіп отыр. Сондай-ақ тұтынушылардың да мазасын қашыраған. Қазақстандағы авто-дилерлер мен көлік саудалаушы компаниялар үшін де дағдарыс кезеңі келді. Қазір ірі қалалардағы көлік сату орындарында халық тарапынан сұраныс көп автомобиль маркаларының тапшылығы байқалады.

Сатушылар Toyota, Hyundai, Kia сияқты қазақстандықтар арасында сұранысқа ие көлік түрлерін тасырыспен кең дегенде 2-3 ай күтуге тура келетінін айтып отыр. Сатылымға жақында ғана шыққан Toyota Camry 75 пен Toyota Land Cruiser 300 автокөліктерін алуға деген сұраныстың жоғары екені белгілі. Бірақ қазақстандық

бірінесе дилер бұл моделдердің саны өте шектеулі екенін елден ескертіп отыр. Еліміздегі алғашқы суперкар құрастырушы Таир Балбаев бұл автономді бұрын-соңды болмаған дағдарыс деген пікірде. Оның айтуынша, бұл қолдан жасалған дағдарыс.

– Пандемиямен бірге нарықты бөліске салатын дәуір басталды деп жатыр. Соның ішінде электрондық өнімдерді шығарушылар арасында тартыс жүруде. Кейбір компаниялар электрлі чиптерді, микросхемаларды автомобиль зауыттарына жеткізіп бермей отыр. Бұл қиындықтарға өкелді. Бұл біз сияқты көлік өндіретін дамуды елдерге де салқынын тигізді. Компоненттер сатылымда жоқ болжам көпін құнтарлықтай емес. Бұл өзара нарықты бөліске салу ма, әлде пандемиямен бірге келген дағдарыс па? Осы екі болжамның арасында қазір әлемдік автонарық сарапшылары да бас қатырып отыр, – дейді Т. Балбаев.

Өндіріштер үшін микросхема тапшылығы көлік шығаруды шектеуге жеткізген. Бұл электроникамен байланысты барлық зауыттар үшін проблемаға айналды.

– Микропроцессорлар, транзистрлар жоқ, электрқар жасаушы ретінде біздің өзіміз қазір жұмысты тоқтаттық. Себебі осы құрылғыларға 2-3 ай бұрын тасырыс бергенбіз. Өлі келген жоқ,

Біріншіден, бұл қазақстандық тұтынушы үшін қымбатшылыққа соқтырады. Мұның автомобиль бағасына ғана емес, қосалқы бөлшектер үшін де жанама әсері бар. Сондай-ақ бұл тапшылық жасанды электрондық бұйымдарға, жаңағы айтып отырған микросхемалардың қолдан жасалып сатылуына жол ашты, – деп есептейді Таир Балбаев.

Микросхема шығарудың отаны – Жапония мен Қытай. Коронавирус бұл салаға да дағдарыс әкелген. Пандемияға байланысты осы өндіріс циклі қуылып, оны бұрынғы қалпына келтіру қиына соғып жатыр. Отандық көлік сарапшысы Өркен Шакуовтың айтуынша, автомобиль өндіріштер оларға тәуелді болғандықтан, бұл жалпы бір-бірімен қабіққан мәселеге айнаған.

– Тіпті, көлік шығарушылар жекелеген модельдер өндірісін мүлдем тоқтатуға мәжбүр болды. Мұны әлем сарапшылары «автомобиль катастрофасы» деп айтып жүр. Ал Қазақстанға мұның қандай әсері болды десек, еңінші қолданыстағы көліктер, яғни ескі көліктер үшін баға өседі. Егер жағдай осылай тексе, сұранысқа ие Toyota Камри 40 маркасының бағасы 5-8 млн теңге емес, 10-13 млн теңге болуы мүмкін. Біздің нарықта жыл басынан бері көлік бағасы онысыз да қымбаттады, – дейді Өркен Шакуов.

4 ПАЙЫЗ НЕСИЕ: ҚАЙТА БЕРІЛЕТІНІ РАС ПА?



Отандық көліктерді алуға жеңілдетілген автокредит беру қайта басталады. Осы арқылы биік 15 мыңдай жаңа көлікті нарыққа өлгізді кездейді. Биыл елімізде ресейлік Lada маркалы автомобильдердің саудасы тоқтатылды. Соған қарамастан темір тұлпардың саудасы артқан. Мысалы, былтыр қазақстандықтар автокөлік алуға 168 млрд теңге жұмсаған. Бұл 2019 жылғы ұқсас кезеңдегіден 30 пайыз жоғары болған. Ал биылғы тоқсандан ел тұрғындары 24 мың 161 жаңа жеңіл көлік, жүк көлік және автобус иеленді. Осылайша, сауда өткен жылы сәйкес мөзімен салыстырғанда, 2021 жылғы қаңтар-наурыз аралығында 35 пайызға өскен.

Қазақстандық автобизнес қанымдастығы сарапшыларының айтуынша, елімізде 26 мың 63 көлік құрастырылған. Қазіргі кезде ішкі жаңа көліктер нарығындағы «Қазақстанда жасалған» көліктердің үлесі 65 пайыздан асыпты. Мемлекет көліктерді шетелден ашып, әкеліп, цехтарда құрастырып, отандық автозавоттарға қолдау көрсетуде. Егер утилизациялық алым жойылмаса немесе азайтылмаса, онда аты отандық, заты жатжұрттық көліктердің үлесі болашақта 100 пайызға жуықтауы мүмкін. Бірақ бұл көрсеткішпен маңтануға болмайды. Себебі, бұл Куба, Индия секілді артта қалған елдердің көрсеткіші. Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі отандық машина жасау саласы орта есеппен 120,6 пайызға өсіп келеді деп мәз.

Биыл елдегі автозауыттар 195,4 миллиард теңге табыс тапқан. Дегенмен сатылған машинаның бәрі бірдей жеңіл көлік емес. Олардың – 22924 мыңы ғана соған тиесілі. Қалған 2329-ын – жүк

көлігі, 443-і – автобус, 270-і – тіркеме-прицепт, 97-сі өзге мамандандырылған техника. Өткен жылы отандық «Азия Авто» зауыты өндірісін жалғанып мөлім. Нәтижесінде былтырдан бері «Лада» автокөлігінің сатылымы бірден 82 пайызға құлдырады. Биылғы 4 айда қостанайлық «СарыарқаАвтоӨнеркәсіп» 16450 дана жеңіл жүк көлігін және автобустарды шығарып, өндіріс көлемін 35,6 пайызға арттырды. Алматыдағы «Hyundai Trans Kazakhstan» кәсіпорны 7 556 жеңіл көлік жасады.

Ал сарапшылар елдегі автопарктың көнеріп бара жатқанын айтады. Себебі, сатып алынған жатқан жаңа көлік саны тез қарымен ескірген машиналардың санынан басым түспек түгіл, ілесе алмауда. Сондықтан биік Қазақстандағы автокәсіпорындар құрастыратын көліктерді бюджет қаражаты есебінен азаматтарға арзан кредитке беру жолына қайта оралды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Байтерек» ұлттық басқарушылық холдингін

кредиттеу бойынша бюджеттік бағдарлама жобасын жария етті. Осы бағдарлама аясында ел қазынасынан алған миллиардтарды «Байтерек» ары қарай «Қазақстандық даму банкі» АҚ арзан бюджеттік кредит ретінде табыстайды. Өз кезегінде ҚДБ ол қаражатты отандық өндірістерге жеңіл көліктерді сатып алатын жеке және заңды тұлға жеңілдікті автокредит түрінде үлестіреді.

Жаңа жеңілдікті автокредиттеу бағдарламасы тек келесі жылы басталады. Оның үстіне 3 жыл бойы қаржыландырылады. Нәтижесінде 2022 жылы – 30 миллиард, 2023 жылы – 35 миллиард, ал 2024 жылы аса ірі сомға – 40 миллиард теңге бағыттау ұсынылды. Осы миллиардтар арқасында 2022 жылы «Қазақстанда жасалған» 2500, 2023 жылы – 6538, ал 2024 жылы – 6632 жеңіл автомобильді жеңілдікпен несиеге сату жоспарланып отыр. Яғни келесі жылы әрбір отандық көлікке – 12 млн теңгеден, 2023 жылы – 5,4 млн, 2024 жылы – 7,1 миллион теңгеден бөлінуі мүмкін.

Айгүл ӨЛШЕРОВА

ЕРТЕҢ ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛАДЫ

ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ

Әлеуметтік желі арқылы ел спортшыларымен байланысқа түсіп, Жапониядағы ахуалды білдік. Бокстан команда капитаны Қамшыбек Қоңқабаев пандемияға байланысты көптеген қиындықтар барын жеткізді.

— Көптен күткен Токио Олимпиадасының да басталуына санаулы күндер қалды. Бүгінде Қазақстан командасы Жапония жеріне табан тіреді. Мұнда коронавирус инфекциясына байланысты тыйым өте көп. Ережелердің барлығы сақтап жүрміз. Бірнеше рет ПТР тест тапсырып, деніміздің сау екенін қайта-қайта дәлелдеуге міндеттіміз. Қауіпсіздікті сақтау үшін көп көңіл бөлінуде. Қазірдегі пандемия жағдайында бұл өте дұрыс қадам деп есептеймін.

Кеше команданың алғашқы жаттығуы өтті. Бәрі де көңілден шығады, жоғары деңгейде. Көңіл-күйіміз де тамаша. Бәткерлер бізді бұл доғаға жақсы дайындады. Осы орайда, барша қазақстандық жанкүйерлерді біздің команданы қолдауға шақырамын. Сіздердің қолдауларыңыз мұндай маңызды сәтте аса қажет, — деді бокстан команда капитаны Қамшыбек Қоңқабаев.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ДЕНГЕЙІ БІРДЕЙ

Екінші мәрте Олимпиада ойынына қатысуды жатқан Абылайхан Жүсіпов Токиодағы ұйымдастыру жұмыстарына тоқтады.

— Жапония астанасы Токио қаласына келіп, олимпиадалық ауылға орналастық. Мұнда спортшыларға керекті дүниенің бәрі бар. Бар жағдай жасалған. Рио Олимпиадасына да қатысқанымды білесіздер. Егер салыстырмалы түрде қарасақ, екі елдегі ұйымдастыру деңгейі ұқсас. «Токиода жаттығуды бастап кеттік. Арнайы тренинг залы да бар екен. Барлық ережелерді сақтап жүрміз. Күніне бірнеше рет ПТР тест тапсырамыз. Әрине, бұл аздап жалықтырады. Дегенмен, барша әлем пандемиямен күресіп жатқандықтан, бұл талапқа бағынамыз, — деді Абылайхан Жүсіпов.

ФЕДЕРЕР КЕЛМЕЙТІНІНЕ МҢАЙДИМ

Қазақстандық теннисші Александр Бублик Токио Олимпиадасы қарсаңында өзінің жоспарларын айтты.

— Олимпиадада жұптық сын мен аралас жұптық бөсекені алар болсам, мен соңғысын таңдар едім. Себебі, бұл жай ғана жарыс



Ертең төрт жылдықтың басты алааманы Токио Олимпиадасы басталады. Күллі әлем бақ сынайтын байрақты бөсекеде ел спортшылары да сыңға түсіп, Олимпиада жүлделеріне талас жүргізеді. Бүгінде Қазақстан құрамасы Жапонияда соңғы дайындығын пысықтауда. Күншығыс еліндегі соңғы жаңалықтарды оқырман назарына ұсынуды құп көрдік.

емес, басқа адаммен қызықты комбинация жасауға мүмкіндік беретін дода болады. Оның үстіне, әйелдер мен ерлердің теннисін екі бөлек спорт түрі десем, артық емес. Бұл мен үшін қызықты тәжірибе болмақ. Егер мені миксте де қоятын болса, үш бағдарлама бойынша да сыңға түсемін. Олимпиада төрт жылда бір рет келетін жарыс. Сондықтан бар күшіңді салуға болады. Егер Федерация мен Елена Рыбанинмен бірге қортық шығарса, қуана келісіміз. Олимпиаданың маңызы оның қатысушыларының ойынның беділене еш кедергі келтірмейді. Тек Роджер Федерердің келмейтініне аздап мұңайдым. Өйткені оның ойыны ұнайды. Федерермен кездесем қызықты ойын болар еді, — деді Бублик.

ТОКИО ТАҢСЫҚ ЕМЕС

Академиялық есуден Қазақстан командасының мүшесі Владислав Яковлев Токио Олимпиадасына алғаш болып бақ сынайтын спортшылардың қатарында. Себебі аталған спорт түрінен іріктеу ерте басталады. Команда бас бапкері Владимир Белоноговтың айтуынша, спортшы төрт жылдық додаға үлкен дайындықпен келген екен.

— Академиялық есуден бір ғана спортшыға үміт арттымыз. Ол — Владислав Яковлев. Ертен біз үшін бөсеке басталады. Владислав олимпиадалық ауылға жайғасып, дайындық жүргізуде. Климатқа бейімделу туралы нақты ештен айта алмаймын. Біздің спортымызда бәсекелестік деңгейі өте жоғары. Академиялық есуді нөмірі бірінші спорт түрі санайтын Еуропа елдері көп. Сондай-ақ АҚШ,

Жаңа Зеландия мен Австралия да бар.

Жарыс өтетін каналды біз жақсы білеміз. Іріктеу турнирі сол каналда өткендіктен, Владиславқа бұл қиынға соғады деп ойламаймын. Жапонияға қатысты кейбір ерекшеліктерге де қанықпыз. Спортшымыздың қарқыны жақсы, — деді бас бапкер.

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП

Бокстан команда бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев Олимпиада қалашығындағы ережелер мен шектеулер туралы айтты.

Бапкердің айтуынша, Токиода коронавирусты инфекцияға байланысты көптеген шектеулер енгізілген. Арнайы ережелерді бұзба керек.

— Бүежайда бірнеше рет ПТР тест тапсырдық. Кейін

акредитация қағазын аларда тағы да тесттен өттік. Яғни вирустың болмауын қағаз қадағалауда. Бокшылар олимпиада қалашығына орналасты. Мұнда бар жағдай жасалған. Тамақтары да жақсы, барша әлем халықтарына арналған тағамдар бар. Басшылармен жиілесіп откізіп, алдағы жоспарларды талқыладық. Олимпиададағы арнайы ережені де түсіндірі. Жолдан аздап шаршаған едік, бүгін ес жиып, кешкі жаттығуға дайындалып жатырмыз.

Жаттығулардың дені дағдада өтеді. Климатқа бейімделуді бастаймыз. Ал ертеңнен бастап алда жаттығу кестесін береді. Залда жаттығудың да өзіндік ережесі бар. Үлкен жаттығу залы бар екен. Оны да көріп шықтық.

Олимпиадалық ауылдағы ұйымдастыру жұмыстары жоғары деңгейде. Беттердені мүлде шешуге болмайды, арақашықтықты да сақтап жүрміз. Барына мұқият болып, жақсы дайындаламыз, — деді Ғалымбек Кенжебаев.

ТРАНСЛЯЦИЯДА МӘСЕЛЕ БАР

Жапониядағы жарысты жанкүйерлерге көрсету қиынға соғып жатқандықтан, өзге елдердің арналар тек келіссөздермен шектелуде. Мәселенің жай жапсарын «Қазақстан» телерадиокорпорациясының баспасөз қызметінен білдік.

— XXII Жазғы Олимпиада ойындарының трансляциясына қатысты көрермендер мен әріптестерімізден келіп түсіп жатқан сауалдарға байланысты айтармыз: Токио Олимпиадасының тікелей трансляциялау құқығы «Dentsu Inc.» компаниясына тиесілі. «Қазақстан» телерадиокорпорациясы мен «Хабар» агенттігі АҚ Қазақстан, Qazsport, «Хабар» телеарналары арқылы Жазғы Олимпиаданың тікелей трансляциялау құқығын келіссөздерді 2019 жылы бастаған болатын. Тараптар өзге ортақ келісімге келе алған жоқ. Екіжақты келісімнің ұзаққа созылу себебі, құқық иесінің лицензия бағасын 2016 және 2018 жылдардағы Олимпиада ойындарымен салыстырғанда 123 пайызға қымбатқа ұсынуы, — деді баспасөз қызметі.

Телерадиокорпорация мәлімдегендей, қазіргі кезде Қазақстан, Qazsport, «Хабар» телеарналары Қазақстандық спортшыларды қолдау және отандық көрермендерге Олимпиададан жедел ақпарат ұсыну бойынша жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр.

ТРАНСФЕРЛІК ТЕРЕЗЕДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

АНГЛИЯ

Goal басылымының хабарлауынша, «Манчестер Сити» басылығы шабуылшы Рахим Стерлингті сатуды жоспарлап отыр. Дереккөздер команданың бас бапкері Хосеп Гвардиола шабуыл шебин жаңартқысы келеді. Рахимнің «Манчестер Ситимен» келісімшарты 2023 жылдың жазына дейін есептелгендіктен 100 миллион еуроға бағаланады.

Журналист Николо Скира өзінің твиттер парақшасында «Манчестер Юнайтед» басылығы «Реал Мадридтің» қорғаушысы Рафаэль Варанмен жеке келісімшарт талпаптары бойынша бір мәмілеге келді деп хабарлады. Келісімшарт 2026 жылдың жазына дейін жасалады, ел ойыншының жылқысы жылына 12 миллион еуроно құрайды. Қазір МЮ Варанның трансферлік құны туралы «Реалмен» келіссөздер жүргізіп жатыр. «Қызыл сойқандар» Флорентино Переске қорғаушы үшін 50 миллион еуро ұсынғандықтан, бірақ мадридтік клуб кем дегенде 60 миллион алғысы келеді.

Sky Sports порталының мәліметінше, «Тоттенхэмнің» бас бапкері Нуну Эшпириту Санту шабуылшы Гарри Кейнді жібергісі келмейді. Соңғы кездері Англия капитанының командадан кетуіне байланысты ақпарат көп тарала бастады. Гарри — біздің футболшысы. Сондықтан 2020 артын өзгемін қажеті жоқ. Еуро-2020-дан кейін Кейнге демалып, жаттығуға қайта оралу керек. Гарри — өз ісінің шебері, сондықтан оны жіберу ақыммақтық болар еді», — деді португалиялық маман. Ал Кейннің өзі басылылықтың бұл ұстанымымен келіспейді және егер клуб басылышы «Манчестер Ситиге» жербемесе, жаттығуларға келуі мүмкін.

ESPН-нің хабарлауынша, «Лионның» жартылай қорғаушысы Уссем Ауар Премьер-лига клубтарының біріне ауысқандықтан, «Ливерпуль», «Тоттенхэм» және «Манчестер Юнайтед» жартылай қорғаушыға қызығушылық танытуда.

«Ливерпуль» өзінің тыңыр парашасында Польшаның бас футболшысы Матеуш Муслowskiмен келісімшарт жасасқанды туралы ақпарат жариялады. Бұл жас ойыншы үшін алғашқы кәсіби келісімшарт болып табылады. Қазір футболшы «Ливерпуль» академиясындағы ең дарынды футболшы болып саналады. Англиялық БАК өкілдері Муслowskiдің Мессидің ізбасары ретінде бағалады.



Командалар алдағы маусымға дайындалып жатқанда, агенттер трансфер нарығында бөлсенді түрде жұмыс істеді. Кейбір сыбыстар қазірдің өзінде шындыққа айналуда, ал қалған трансферлер жақын арада жүзеге асуы мүмкін. Ендіше назарларыңызға соңғы трансферлік жаңалықтарды ұсынамыз.

«Брайтон» Кьелл Шерленмен келісімшартқа отырды. Трансфердің қаржылық мәліметтері айтылған жоқ, бірақ 21 жастағы Нидерланды U21 қақпасшысының құны 2,8 миллион еуроно құрайды.

ИСПАНИЯ

«Тоттенхэм» шабуылшысы Гарет Бэйл жаңа маусымды лондондық клубта бастамайды. Команданың жаңа бас бапкері Нуну Эшпириту Санту Бэйлдің болашағы туралы әңгіме қозғады. «Осы маусымда Бэйл біздің команданда ойнамайды. Ол Мадридке қайта оралады», — деді Санту.

Mundo Deportivo хабарлағандай, «Барселона» осы жазда құрамды тазартуды жоспарлап отыр. Каталондық клуб жақып бюджетін азайту нем дегенде үш ойыншыны сатпақ. Миралем Пьянич, Самуэль Умтити және Мартин

Брайтүйт осы саясаттың құрбаны болуы мүмкін.

«Барселона» мен «Атлетико» Антуан Гризмандині Сауль Ньигоске алмастыру туралы келіссөздерді жалғастыруда, бірақ әлі келісімге келе алмады. Бұл туралы журналист Фабрицио Романо мәлімдеді.

ИТАЛИЯ

«Ювентус» жаңа шабуылшы алу туралы нақты шешім қабылдады. Footmercato-ның мәліметіне сенсек, Мауро Икарди осы жазда Апеннин түбегіне қайта оралуы мүмкін. Туриндік клуб бірнеше рет аргентиналықты сатып алуға тырысты, ал қазір олар нақты мүмкіндікке ие болды. Икарди ПСЖ-дағы ойын уақытының аздығына наразы, сондықтан ол «қарт синьораның» ұсынғысын қарастыруға дайын. Дереккөздің хабарлауынша, Икарди «Ювентустың» бапкері Массимилиано Аллегримен кездескен. 28

жастағы шабуылшының трансферлік құны 40 миллион еуроно құрайды. Calciosport порталының хабарлауынша, «Ювентус» басылығы «Барселонаның» жартылай қорғаушысы Миралем Пьяничті қайтарғысы келеді. Олар ойыншыны сатып алмай, оның орнына Аарон Рэмзиді беруге дайын.

Николо Скира «Ювентус» 27 жастағы шабуылшы Пауло Дибаланың келісімшартты жаңартатынын жазды. Тараптар шілденің соңында келіссөздер жүргізеді. Клуб аргентиналық футболшыға 2025 жылға дейін жарамды келісімшарт ұсынады. Паулонің өзі туриндік клубта қалуға қарсы емес және команда капитаны болуды армандайды.

GERMANYA

Дортмундтық «Боруссия» клубының жұлдызды шабуылшысы, Еуропаның көптеген үздік клубтары көз тіккен Эрлинг Холанд өзінің болашағына қатысты ақпаратқа түсініктеме берді. «Stadium Astro» газетіне берген сұхбатында Холанд команданың жаңа жаттықтырушысы Марко Розенмен жұмыс істегісі келетінін айтты. Дортмундта қалатынын меңзеді. «Вольфсбург» ресми сайтында «Кельннің» орталық қорғаушысы Себастьян Борнауэди қатарға қосқанды хабарлады. «Касфюрлер» 22 жастағы қорғаушы үшін 13,5 миллион еуро төледі. Тараптар 2026 жылдың жазына дейін келісімшартқа отырды.

FRANCIYA

АС басылымының хабарлауынша, ПСЖ шабуылшысы Килиан Мбапке мансабын «Реалға» жалғастыргысы келеді және ойыншы мадрид клубының басылымының ұсынғыс күтеді. Мбапке корольдік клуб ПСЖ-ға біраз қысым жасауы керек деп санайды. Никола Скираның айтуынша, «Рома» қақпасшы Робин Олсен «Лилльге» ауысады. Футболшының француз клубымен келісімшарты 2024 жылға дейін есептелген. Трансфер сомасы шамамен 5 миллион еуроно құрайды.

Il Messaggero-ның хабарлауынша, ПСЖ әлі күнге дейін «Лационның» жартылай қорғаушысы Хоакин Корреаны сатып алғысы келеді. Дереккөздің хабарлауынша, париждік клуб жартылай қорғаушы үшін 18 миллион еуро төлеу бонус ретінде 4 миллион, сондай-ақ Пабло Сарбияны ұсынғандықтан.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ
Ержан САБЫРБАЙ, Jas Otan ЖҚ Арал аудандық бөлімше басшысы:

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘТТИ СЫЙ



“Тәуелсіздік” дегенде ең алдымен көз алдымызға не елестейді? Әрине бұл күнге қалай жеткенімізді ой елегінен өткіземіз. Желтоқсан оқиғасындағы жастар, ел үшін құрбан болған ата-бабаларымыз ойға оралады. Тарихқа көз жүгіртсек, бұл күнге жету оңайға соққан жоқ. Қуантарлығы, бүгінде еліміз тыныш. Балаларымыз дін аман. Саралап қарасақ, 30 жылда жетістігіміз көп екен. Бейбіт өмір сүріп жатқанымыздың өзі не тұрады? Ынтымақты, бірлікті нығайтып, патриоттық сезімді қалыптастыруда жастардың үлесі басым. Соның ішінде аралдық Ержан Сабырбайдың елге деген сүйіспеншілігі ерекше. Ол жастарға жүктелген аманатты мүмкіндігінше арқалауға өзін.

— Ел Тәуелсіздігін 30 жылдығы баршаңызға құтты болсын! 30 жылда еліміз өсіп өркендеуде. Елімізді халықаралық арена танып, көк түймыз желіріп, Әнұранымыз тек биіктерде шырқалды. Қастерлі тәуелсіздік бізге берілген тәтті сый, осы қастерлі тәуелсіздікті қарашымыздай сақтайық, — дейді ол.

Отыз жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізді білім,

ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік — біздің ең басты иілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

— Патриоттық дегеніміз — әрбір қазақстандықтың елге деген сүйіспеншілігі, ықыласы, құрметі. Патриот — елдікті кейінгі бұйынға насихаттаушы. Тәуелсіз ел ғана дамиды, өркендейді, өседі. Барлық адамзат тәуелсіздіктің қадірін біліп, оған құрмет көрсетуі қажет”, — дейді Ержан.

Мақаламызды Президенттің сөзімен аяқтасaq. “Бүгінде Тәуелсіздік құдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл — егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін ескеленіп ұрпақ оның қадірін білуі керек”, — деді Құсым-Жомарт Тоқаев.

ГРАН-ПРИ ЖҮЛДЕСІ ҚАЗАҚСТАНДА



Витебскте өткен «Славян базары» байқауының гран-при жүлдесін қазақстандық өңші Рухия Байдүкен иеленді.

Рухия Байдүкен 1998 жылы Талдықорған қаласында дүниеге келген. Ол Қазақ Ұлттық Өнер университетінде «Эстрада және вокал» мамандығында оқиды. Оның дауысы төрт жарым октаваға жетеді.

— Мен өнерге бала кезімнен құштармын, отбасыма Байдүкен атам өнерге жерін болды. 4 сыныптан бастап Талдықорған қаласындағы Өнер мектебінде вокал сыныбында білім алдым. Қазір вокалдан сабақ беремін және менің оқушыларым — бір-біріне ұқсамайтын жеке тұлғалар. Оның арасында 5 жасар бала да бар, 30-дан асқан ересектер де бар. 22 жасымда ұстаздықты бірге алып жүру — үлкен жауапкершілік деп ойлаймын. Оның барлығы адамның өсуіне көмектеседі”, — дейді жас өңші Қазақпарат тілшісіне берген сұхбатында.

Айта кетейік, «Славян базары» байқауы 1992 жылдан бері өткізіліп келеді. 2015 жылы Димаш Құдайбергелі, ал 2019 жылы — Әділхан Макин Қазақстан атынан қатысып, бас жүлде иеленген еді. Сонымен қатар байқаудың жабылу салтанатында Димаш Құдайбергелі өнер көрсетті.

APPLE-ДІҢ АҚЫЛДЫ КӨЗӘЙНЕГІ



Apple компаниясы ақылды көзәйнектің екінші шығаруға кірісті. Алдың ала болжамға қарағанда, өнім 2022 жылы даяын болады. Бұл жайлы техносайдер Роберт Скобл хабарлады. Өнімнің атауы — Apple Glass AR. Гарнитураның дисплейі бар. Қоршаған ортаны Lidar технологиясы арқылы өзгеше көрсетеді. Сол үшін арнайы бағдарлама жасалған. Гарнитура қадімгі көзәйнекке ұқсайды, арнайы орнатылған линзасы бар. Электронды компонент пен аккумулятор орнатылады.

Ақылды көзәйнек iPod плеерімен бірге ұсынылады. Ол да келесі жылы жарыққа шығады. Құрылғы музыканы виртуалды шындық эффектісімен бірге құсаға, сол арқылы ауен тыңдауға мүмкіндік береді. Айта кетейік, құрылғы келесі жылы жазда шығады деп күтілуде. Бірақ нақты бағасы мен қай уақытта сатылымға шығатыны белгісіз.



Internships

Түрлі салада, соның ішінде инженерия, IT, дизайн, бизнес және қаржы салалары бойынша АҚШ-та тағылымдамдан өтуге мүмкіндік аласыз. Бағдарламалардың бакалаврларға арналған (екінші курстан бастап), магистранттар (екі жыл) және түлектерге арналған түрлері бар. Компанияларға өтініш жіберу үшін сайтқа тіркелу керек.

WayUp

Ақысы төленетін тағылымдамалар және америкалық университеттердің студенттері мен түлектеріне арналған жұмыс ұсынатын сайт. Сайт білім деңгейіңді, мамандығыңды және сідің қалауыңды ескере отырып, арнайы тағылымдамалар бағдарламасын ұсынады. Компанияларға өтінішті сайттан тікелей жіберу аласыз.

EurActiv Jobs

Қаржы, маркетинг және басқару салалары бойынша Еуропа мемлекеттерінде тағылымдамдан өтуге не жұмыс табуға арналған сайт. Бакалавр және магистранттарға арналған ұсыныстар да бар. Компанияларға өтініш жіберу үшін тіркелудің қажеті жоқ, барлық байланыс құралдары қолжетімді.

EuroBrussels

Еуроодақ мемлекеттік құрылымдарындағы және сонымен байланысты компаниялардан тағылымдамдан өтуді ұсынады. Сайтта заң, экономика және басқару саласындағы студенттер үшін төленетін және тегін тағылымдамалар көрсетілген. Кейбірі бакалавриатты екінші курсынан бастап қабылдайды. Өтінішпен бірге түйіндеме, ілеспе хат және ұсыныс хат талап етіледі.

Idealist

Адам құқығын қорғау, әлем бойынша кедейлікпен күресу және экологияны қорғау бойынша тағылымдамалар бағдарламасын ұсынады. Соның ішінде АҚШ, Азия және Африка елдерінен ұсыныстар көп. Көптеген компаниялар студенттерді тұрғын үй, тамақ, сақтандырумен қамтамасыз етеді немесе шекірткісі төлейді.

Human Rights Careers

Адам құқығын қорғау саласы бойынша тағылымдамалар ұсынатын тағы бір сайт. Тағылымдаманы басым бөлім Африка және Оңтүстік Азия мемлекеттерінде өтеді. Студенттерді тәжірибесін БҰҰ немесе Қызыл Крест сыйды ірі құқық қорғау ұйымдары ұйымдастырып, ақысын өтейді.

JULDYZ - JORAMAL

(22 – 29 шілде)

Тоқты
Өз кемшіліктеріңді ойлап бас қатырмаңыз, өз-өзіңізге сенімді болыңыз. Өділеттілік және тектілік сақтаңыз. Сонда ғана жұмысыңыз да, жеке көсібіңіз де алға жылжиды. Алта барысы есептесіп айналысып, жоба немесе жоспар құруға өте ыңғайлы.

Торпақ
Аптада күш-қуатыңыз мол болады. Белсенділік таңту өз пайдасын әкелмесе, зиянын тигізбейді. Көлік жүргізетін болсаңыз, жолды абай болыңыз. Сізге нәзікжандар көп келетін тигізеді.

Егіздер
Өзгелерден қулығыңызды асырамын деп ойламаңыз. Өйткені оның барлығы өзінше зиян тигізуі мүмкін. Бұл сідің бөделіңізге сын. Өзгелердің ығына ермеңіз және құді тұдыратын мәселелерден аулақ болыңыз.

Шаян
Серіктестермен немесе басқа да кездесулер сіз үшін тиімді болмақ. Бұл кездесуе тиянақты түрде дайындалсаңыз, көп пайдаға кенелесіз. Сізге тапсырылған жұмыстарға бейжай қарамаңыз.

Арыстан
Қолдан келер іспен айналысыңыз. Аспандағы айға қол созудың қажеті жоқ. Үйді ұсақ-түйек істі атқарып, қаржылық мәселені біржақты етіңіз. Үйге зат сатып алудың немес артық ақша жинаудың қажеті жоқ.

Биікеш
Әріптестеріңізбен және достарыңызбен дауласпаңыз. Бұл жақсы емес. Аптада өте ашушаң болсаңыз, ол өзіншеңіз де, ісіңізден де байқалады. Ұстады болуға тырысыңыз. Сабырлық таңтыңыз.

Таразы
Бұл аптада өзінше толық демалыс сыйлаңыз. Басөңіңіз барыңыз; массаж қабылданыз. Салқын су ізганыңызды жазартып, денсаулығыңыз оң өсерін тигізеді. Көптеген аурудың алдынан алады.

Сарышаң
Жұмыс барысында танысқан жандармен қолға алған істі жүзеге асыратын болсаңыз. Қызметіңді жоғарылатуға немесе қаржылай қолдайтын жандардан көмек алуға толық мүмкіндігіңіз бар.

Мерген
Сіз — шынайысыз. Сондай-ақ кез келген қиын тапсырманы оңай орындай аласыз. Достарыңызға көмек көрсетуден қашпаңыз. Алта жолға шығуға және ақпараттар депін жинауға қолайлы болмақ.

Тауешкі
Апта махаббатыңызды мойындап, романтикалық кеш ұйымдастыруға өте ыңғайлы. Балаларыңыздың немен айналысып жүргеніне мән беріп, көңіл бөліңіз. Жақындарыңыз бен сүйікті адамыңызға сыйлық жасап, көңілін аулаңыз.

Сұқүйт
Ұсақ-түйектің барлығын бітіресіз. Сізді бітіретін адам соқшысы келеді. Мәдәшүдкенің барлығына мән беріңіз. Тіпті қайтарым ақшаның өзін санап алғаныңыз жөн. Сақтықта қорлық жоқ екенін естен шығармаңыз.

Балық
Орын алатын оқиғалардың барлығы сізге оң өсерін тигізеді. Сіз лауазымы тұлғалардың немесе әріптестеріңіздің көмегіне жүгіне аласыз. Олар сізге бағыт-бағдар беріп, мақсатқа жетуге көмектеседі.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

ШЕТЕЛДЕ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ МҮМКІНДІГІ

Кәсіби біліктілікті арттыру үшін кейде түрлі мемлекетте қызмет ету керек болады. Бірақ шетелге шығу өрі жұмыс табу оңай емес. Ең оңтайлы шешім — арнайы компаниялар мен бағдарламалар арқылы тағылымдамдан өту. Назарыңызға шетелде кәсіби тағылымдамалар бағдарламасын ұсынатын сайттар тізімін ұсынамыз.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТИ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1054